

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 3

2024 жылғы 26 ақпан
сағат 16.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

1. Монополиясыздандыру және жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту жөніндегі БҚДА ұсыныстарын талқылау

1.1. БҚДА-ның монополиясыздандыру және жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестікті дамыту жөніндегі негізгі ұсыныстар туралы ақпараты және Экономиканы ырықсыздандыру жөніндегі жарлық жобасына енгізу үшін БҚДА Қоғамдық кеңесінің мүшелері А.Т. Айтжановтың, А.Б. Бегдесеновтің, А. Ж. Бикебаевтың, М.И. Дурманованың, О.А. Жандосовтың, Т.А. Одиловтың, Н.В. Радостовецтің ұсынымдары назарға алынсын.

1.2. Экономиканы ырықтандыру жөніндегі жарлық жобасына енгізу үшін БҚДА-ға мынадай ұсынымдар жіберілсін:

- экономиканы ырықтандыру мәселері жөніндегі Жарлықтың жобасына энергетикалық көмірге бағалық реттеуді енгізу орынсыз деп саналсын;

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде сатып алынатын препараттарға бағаны реттеуді сақтай отырып, фармацевтикалық нарықтың көтерме және бөлшек сегментінде дәрілік заттарға бағаны тікелей мемлекеттік реттеуді кезең-кезеңімен жою және олардың транспарентті баға белгілеуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараны енгізу мүмкіндігін қарау;

- т/ж саласында және экономиканың өзге де салаларындағы негізгі ұсыныстар бойынша нақты мерзімдер мен КРІ айқындалсын (*мысалы, мұнай өнімдерінің биржалық саудасын 2025 жылға қарай 20% -ға дейін ұлғайту*);

- мұнай өнімдері бойынша баға белгілеу моделін қайта қарау. Мұнай өнімдері нарығында нарықтық баға белгілеуге көшу мәселесін пысықтау, оның ішінде МӨЗ жұмысының моделін өзгерту мүмкіндігін талдау;

- өндіруші компаниялар мен МӨЗ жұмысының тиімділігін, сондай-ақ геологиялық барлауға инвестициялардың төмендеу тәуекелдерін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, мұнайдың ішкі нарығына міндетті түрде жеткізу тетігін сыни тұрғыдан талдау;

- мұнай экспорты мәселесіне тең тәсілді айқындау (ӨБК қоспағанда);


- АӨК және экономиканың өзге де секторларындағы бәсекелестікке олардың бұрмаланған әсерін ескере отырып субсидиялар беру бөлігінде бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасын сыни тұрғыдан талдау;

- виртуалды мобильді операторлардың пайда болуы үшін құқықтық негіздер құру мәселесін пысықтау;

- Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңес қабылдаған ҚР-дағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндаманың ережелерін есепке алу;

- өндірушілер мен жеткізушілер үшін сауда желілері мен сауда объектілері көрсететін қызметтер бойынша сыйақы алу мәселесін пысықтау кезінде бәсекелестік бейтараптық қағидатын ескеру.

Төраға



А. Бикебаев